

9 СЫНЫПҚА АРНАЛҒАН ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІНЕН ОЖСБ ТЕСТІЛЕРІ

1 нұсқа

1. Туынды сөзді анықтаңыз.
 - A) Заманның.
 - B) Заманға.
 - C) Заманнан.
 - D) Заманымыз.
 - E) Заманауи.
2. Сөздердің орын тәртібі арқылы байланысуын көрсетіңіз.
 - A) Үсен – студент.
 - B) Сабақты өткізу.
 - C) Күзгі демалыс.
 - D) Үйге дейін жүгірді.
 - E) Даланың иісі.
3. Жалаң сөйлемді белгілеңіз.
 - A) Бәрі тапсырманы орындады.
 - B) Жаңадан үш жүз жұмыскер аламын.
 - C) Ұзамай тағы қонақтар келді.
 - D) Жұмысшылар қайтып келді.
 - E) Бәріне бірдей тапсырма берілді.
4. Сөйлемдегі асты сызылған тілдік тұлғаның мағынасын ашып, стиль түрін анықта

Әй, Рүстембай – ай, бұл көсеуді мен сәнге асынып жүр дейсің бе?

 - A) сөмке – ауызекі сөйлеу стилі
 - B) қару – ауызекі сөйлеу стилі
 - C) шок ұстайтын құрал – ауызекі сөйлеу стилі
 - D) мылтық – ауызекі сөйлеу стилі
 - E) отты көсейтін құрал - ауызекі сөйлеу стилі
5. Сөздерді білдіретін мағынасына қарай топтастыру:


?	?	?	?
<i>тәтті, қышқыл, кермек</i>	<i>күлгін, қызғылт, күрең</i>	<i>биыл, сәуірде, былтыр</i>	<i>артта, жанында, шетінде</i>

- A) мекен, дәм, түс, мезгіл
- B) дәм, түс, мезгіл, мекен
- C) түс, дәм, мезгіл, мекен
- D) мезгіл, түс, мекен, дәм
- E) мекен, мезгіл, түс, дәм

6. Сөйлемдегі үстеулермен мағыналас сөздер
Адам деген осыншама қиындыққа төзеді деп кім ойлаған?
Әдемі әнді құмарта тыңдаған қалың жұрт лажсыздан таң ата тарқады.
- A) недәуір - амалсыздан
 - B) амалсыздан-баяғыдан
 - C) ерен-әжептәуір
 - D) мүлдем-осында
 - E) қасақана-ертеден
7. «Көз жазып қалу» тұрақты тіркесінің мағынасын анықтаңыз.
- A) Қамығып қалу.
 - B) Қапелімде айрылып қалу.
 - C) Сағыныш билеу.
 - D) Алданып қалу.
 - E) Қуанышы қойнына сыймау.
8. Буын үндестігіне бағынбай тұрған зат есімдер қатарын табыңыз.
- A) Ботагөз, Амангелді, қазіргі.
 - B) Кітап, әкетай, балгер.
 - C) Баспасөз, асығыс-үсігіс, шекара.
 - D) Сейфуллин, кінәлау, діндар.
 - E) Екібастұз, өсімтал, Әуезов.
9. Сын есімнің баяндауыш қызметін атқарып тұрған түрін көрсетіңіз.
- A) Өнерлі жігіт өрге озар,
Өнерсіз жігіт жер соғар.
 - B) Балуан Шолақ үстіндегі әдемі киімдерін шешіп тастады.
 - C) Өнерге өлім жоқ,
Жалқауға жарық жоқ.
 - D) Ағайын – ащы, мал – тұщы.
 - E) Арқаның небір тәтті күйлері айналды, ән салынды.
10. Емле ережесіне сай жазылған белгісіздік есімдігін көрсетіңіз.
- A) Бірнеше, әрбір.
 - B) Әр адам, әр не.
 - C) Бірде-бір, біраз.
 - D) Ешкім, еш қашан.
 - E) Әлде кім, кімде-кім.
11. Жұмбақтан көсемшелерді табыңыз.
- Бір тайға*
Үш ағасы мінгесіп жүр,
Екі інісі ілесіп жүр.
- A) Мінгесіп, ілесіп.
 - B) Екі інісі.
 - C) Үш ағасы.
 - D) Бір тайға.
 - E) Жүр.

12. Берілген сөйлемдегі жалғаулық шылаудың түрін анықтаңыз.
Біресе қар жауады, біресе жаңбыр жауады.
- A) Талғаулы.
 - B) Себеп-салдар.
 - C) Кезектес.
 - D) Ыңғайлас.
 - E) Қарсылықты.
13. Сөйлемнен бірыңғай баяндауышты табыңыз.
- A) Мен көз жасымды көрсеткім келмейді.
 - B) Жыл сайын жарқырайды, жайнайды.
 - C) Амандығыңды білейін деп едім.
 - D) Қазақтың осынысы ұнайды.
 - E) Ауылдың бас агрономы кеңсеге баса көктеп кіріп келді.
14. Қаратпа сөзі бар сөйлемді көрсетіңіз.
- A) Денсаулықты сақтау, өзінді күту – басты қағидаң болу керек.
 - B) Назар, Базаркүлдер нағашыларына барып қайтты.
 - C) Әй, шырағым, балам, ар жағыңда әкең тұр!
 - D) Бәсе, дұрыс жеткізгенсің ғой!
 - E) Бәрекелді, бізде саяхатқа баратын болдық!
15. Стиль түрін анықтаңыз.
Периодтық заңның қазіргі кездегі анықтамасы: жай заттардың, сондай-ақ олардың қосылыстарының қасиеттері элемент атомының ядро зарядына периодты тәуелді.
- A) Көркем әдебиет.
 - B) Ауызекі сөйлеу.
 - C) Публицистикалық.
 - D) Ғылыми.
 - E) Ресми іс қағаздар.

16. Кестеге ортақ қатар



- A) шырай
 - B) етіс
 - C) рай
 - D) жақ
 - E) шақ
17. Баяндауыш қызметіндегі неологизм сөзді табыңыз.
- A) Ер-азамат белгісі – түзде мырза, үйде құл.
 - B) Өзіне үш жүз гектар жайылым мен жүз гектар суармалы жер тиген.
 - C) Өсімдіктердің тез әрі нәрлі болып жетілуін қамтамасыз ететін бірден-бір орын – жылыжай.
 - D) Трамвай тарсылы естілмейді.
 - E) Қазақтың тұңғыш ғарышкері Тоқтар Әубәкіров туралы баспа бетінде көп жазылды.
18. «Ц» дыбысы бар сөздердің дұрыс жазылғанын көрсетіңіз.
- A) Цементтелу, цилиндрге, центіме.
 - B) Циклон, цифр, цехқа.
 - C) Цианға, центнерке, хакимдік.
 - D) Хор, цементге, цехті.
 - E) Циркші, цифрқа, цитрусқа.
19. Санамалап айтылған, мағынасы ыңғайлас сөйлемдердің арасына қойылатын тыныс белгі
- A) сызықша
 - B) үтір
 - C) нүктелі үтір
 - D) қос нүкте
 - E) тырнақша

20. Сөйлем тиянақты, нақты, ресми және мазмұны «тапсырма», «бұйыру» ыңғайында болатын стиль түрін анықтаңыз.

- A) Публицистикалық.
- B) Ауызекі сөйлеу.
- C) Ғылыми.
- D) Көркем әдебиет.
- E) Ресми іс қағаздар.

2 нұсқа

1. Бірыңғай жуан екі бітеу буынды сөзді табыңыз.
 - A) Есімдер.
 - B) Бағдарлау.
 - C) Гүлдену.
 - D) Тастар.
 - E) Дастандар.
2. Біріккен сөзді табыңыз.
 - A) Хабар, хабаршы.
 - B) Тақсыр, иман.
 - C) Бөкен жүріс, халық әндері.
 - D) Әлдеқайдан, бүкілодақ.
 - E) Ерлі-зайыпты, енелі-балалы.
3. Матасуды табыңыз.
 - A) Көйлегін киді.
 - B) Анам – тоқымашы.
 - C) Елбасының сөзі.
 - D) Ұзын шаш.
 - E) Ащы тағам.
4. Жалаң сөйлемді белгілеңіз.
 - A) Ата-анамыздың бет-жүзін көрмейтінбіз.
 - B) Мен бала едім.
 - C) Жар жағасындағы үй бізге де ортақ.
 - D) Езілген еңсесі енді көтерілді.
 - E) Әке-шешеміз мал сауында жүретін.
5. Асты сызылған тіркес түрін анықтап, стилін ажыратыңыз
Қызылқұмның ажары беті жаңа ашылған келіншектей әдемі екен.
 - A) сын есімді тіркес – көркем әдебиет
 - B) еркін тіркес – ғылыми
 - C) есімді тіркес – ғылыми
 - D) сөз тіркесі – публицистикалық
 - E) тұрақты тіркес - көркем әдебиет
6. Тұйық буынға жалаң буын қосқанда пайда болатын термин
 - A) жалаң буын
 - B) тұйық буын
 - C) аралас буын
 - D) ашық буын
 - E) бітеу буын

7. Тура мағыналы сөзді табыңыз.
- A) Ыстық жүрек.
 - B) Қатал сезім.
 - C) Қатал әке.
 - D) Нұрлы махаббат.
 - E) Суық мінез.
8. Дұрыс жазылған сөзді көрсетіңіз.
- A) Трестыне.
 - B) Спектаклға.
 - C) Педагогке.
 - D) Актердан.
 - E) Шахтері.
9. Тәуелдік жалғаулы сөзді көрсетіңіз.
- A) Тілім барда айтылар сөз ойдағы.
 - B) Бірлік бар жерде тірлік бар.
 - C) Ол әнді әсерлі етіп шырқады.
 - D) Білімге құштарлық – ғылымға жетелейді.
 - E) Көппен көрген ұлы той.
10. Қатыстық сын есімнен болған сөз тіркесін табыңыз.
- A) Таза бөлме.
 - B) Көк теңіз.
 - C) Көшпелі ел.
 - D) Кішілеу қазан.
 - E) Жаман ой.
11. Өлең жолдарында кездесетін етіс түрін анықтаңыз.
- Жау қарасы көрінді,
Жиылған әскер бүлінді.*
- A) Сабақты етістік.
 - B) Өздік етіс.
 - C) Ортақ етіс.
 - D) Өзгелік етіс.
 - E) Ырықсыз етіс.
12. Жалғаулық шылау қатысқан сөйлемді белгілеңіз.
- A) Абайдың көзі көпке дейін ілінбеді.
 - B) Өзенге дейін балықшылармен бірге кетті.
 - C) Әйгерім – әрі ұқыпты, әрі әдепті оқушы.
 - D) Ұзын кірпіктері өзіне жарасып-ақ тұр.
 - E) Дәрігер де қоса келді.
13. Анықтауыштың қай сөз табынан болғанын анықтаңыз.
- Жанған от тәнді жылытады.*
- A) Есімше.
 - B) Ырықсыз етіс.
 - C) Көсемше.
 - D) Ортақ етіс.
 - E) Өздік етіс.

14. Қаратпа сөзі бар сөйлемді табыңыз.
- A) Пай-пай, қазақтың келіндері-ай!
 - B) Оның айтуынша, жиналыста үлкен мәселе көтерілетін көрінеді.
 - C) Сөйтіп, достары ойда жоқта қоянды қасқырдан құтқарып алыпты.
 - D) Менің сөзіме сенесіңдер ме, достарым!
 - E) Бәсе, Ерекең ерлеген екен!
15. Құрамы жағынан ерекшелігі бар сан
- A) 100
 - B) 11
 - C) 9
 - D) 20
 - E) 8
16. Сөздерге қажетті ортақ атау : *кісілік, білім, жолдастық*
- A) күрделі зат есімдер
 - B) туынды зат есімдер
 - C) деректі зат есімдер
 - D) жалқы зат есімдер
 - E) түбір зат есімдер
17. Баяндауыш қызметіндегі көнерген сөзді табыңыз.
- A) Дүмше молда ел бұзар.
 - B) Ханнан қазық, биден тоқпақ.
 - C) Хан – қазық, би – тоқпақ.
 - D) Білсе – барымта, білмесе – сырымта.
 - E) Хан азарында қарашасымен қас болады.
18. Ғылыми стильдің функционалдық міндеттерін табыңыз.
- A) Нақты дәлелдер мен көркемдегіш, айшықты сөздерді қолданады.
 - B) Фразеологизмдерді қолданады.
 - C) Эмоция-экспрессияға жол береді.
 - D) Ойды дәлелді, нақты, тұжырымды хабарлайды.
 - E) Ойдың нақтылығы берілмейді.
19. Берілген сөзді жасалу жолына қарай сәйкестендір: *Кедей-кепшік*
- A) Кәрі-құртаң
 - B) Жақ-жітік
 - C) Барлы-жоқты
 - D) Азды-көпті
 - E) Жетер-жетпес
20. Төл сөзді сөйлемдердің тыныс белгілері
- A) сызықша, көп нүкте, нүктелі үтір
 - B) қос нүкте, сызықша, нүктелі үтір
 - C) нүктелі үтір, сызықша, нүкте
 - D) нүктелі үтір, үтір, көп нүкте
 - E) қос нүкте, үтір, сызықша

3 нұсқа

1. Тұйық буынды сөздер қатарын көрсетіңіз.
 - A) Уақыт, мезгіл, кеш.
 - B) Ел, ер, ау.
 - C) Бала, дана, ғалым.
 - D) Орын, оймақ, отын.
 - E) Қант, кең, кел.
2. Қосымшасы дұрыс жалғанбаған қысқарған сөзді көрсетіңіз.
 - A) Ж. Жабаевпен.
 - B) ҚР БҒМ-да.
 - C) Педколледжде.
 - D) Медпунктте.
 - E) ИЛ-86 мен.
3. Сөздердің септеулік шылау арқылы байланысуын көрсетіңіз.
 - A) Көздің қарашығы.
 - B) Ғылымға үйрету.
 - C) Құмырсқаның илеуі.
 - D) Бүгіннен кейін барма.
 - E) Жақсылықты сезіну.
4. Жалаң сөйлемді белгілеңіз.
 - A) Жар жағасындағы үй бізге де ортақ.
 - B) Мен бала едім.
 - C) Ата-анамыздың бет-жүзін көрмейтінбіз.
 - D) Езілген еңсесі енді көтерілді.
 - E) Әке-шешеміз мал сауында жүретін.
5. Антоним сөздердің қай сөз табынан екенін анықтаңыз.

*Жақсының бәрін өзім мақтан етіп,
Жаманыңды көрмесем екен деймін.*

 - A) Етістік.
 - B) Күрделі сын есім.
 - C) Сын есім.
 - D) Есімдік.
 - E) Сан есім.
6. Тұйық буынға жалаң буын қосқанда пайда болатын термин
 - A) тұйық буын
 - B) жалаң буын
 - C) аралас буын
 - D) ашық буын
 - E) бітеу буын

7. Синонимдік қатарды белгілеңіз.
 - A) Ырыскелдіні адам танып болар емес.
 - B) Ырыс алды – ынтымақ.
 - C) Ұшақ өте тез әрі жылдам көтерілді.
 - D) Сұлтанмұраттың қолы Жәнібектің тізгініне іліккен.
 - E) Айтпақшы, менің алты атар нағаным бар.
8. Буын үндестігіне бағынбайтын қосымшалы сөз қатарын белгілеңіз.
 - A) Ақсақал, қария.
 - B) Айлакер, әуесқой.
 - C) Айттыру, атастыру.
 - D) Айлықсыз, жалақысыз.
 - E) Аймақтық, өлкелік.
9. Қатыстық сын есімнен болған сөз тіркесін табыңыз.
 - A) Кішілеу қазан.
 - B) Жаман ой.
 - C) Таза бөлме.
 - D) Көк теңіз.
 - E) Көшпелі ел.
10. Сілтеу есімдігі бар сөз тіркесін табыңыз.
 - A) Әлденеге барды.
 - B) Сағат қанша.
 - C) Сол оқиға.
 - D) Өзін-өзі тексерді.
 - E) Бәріңе аманат.
11. Негізгі етістікті табыңыз.
 - A) Басқар.
 - B) Зарық.
 - C) Бірік.
 - D) Жарқыра.
 - E) Сұра.
12. Басыңқысында көмекші етістігі бар сөз тіркесін табыңыз.
 - A) Қағазды оқып шыққан еді.
 - B) Барып қайттым.
 - C) Ауылдың маңы терең сай.
 - D) Жүгіріп келе жатыр.
 - E) Ит терісін басына қаптады.
13. Есімшеден болған бастауышты табыңыз.
 - A) Мына жалпақ етек – толған қойлы ауыл.
 - B) Көл балыққа кедей емес көрінеді.
 - C) Оның айтып отырғаны – сол күнгі оқиға.
 - D) Алтай жайылымдары биыл ерекше.
 - E) Жақсы – ісімен жақсы.

14. Қыстырма сөзді табыңыз.
- A) Әлбетте. Ең әуелі.
 - B) Әдейі. Соңында.
 - C) Былтыр. Меніңше.
 - D) Орасан. Ақырында.
 - E) Ілгері. Біріншіден.
15. Құрамы жағынан ерекшелігі бар сан
- A) 20
 - B) 100
 - C) 11
 - D) 8
 - E) 9
16. Сызбаға қажетті ортақ атау : *кісілік, білім, жолдастық*
- A) деректі зат есімдер
 - B) күрделі зат есімдер
 - C) түбір зат есімдер
 - D) туынды зат есімдер
 - E) жалқы зат есімдер
17. Толықтауыш қызметіндегі көнерген сөзді табыңыз.
- A) Қараша үйден ханша шығар.
 - B) Ханда қырық кісінің ақылы бар.
 - C) Қисық арба жол бұзар, надан молда дін бұзар.
 - D) Асабасы жоқ асқа жарымас.
 - E) Ханның қырық уәзірі шу ете қалыпты.
18. Сөйлем тиянақты, нақты, ресми және мазмұны «тапсырма», «бұйыру» ыңғайында болатын стиль түрін анықтаңыз.
- A) Публицистикалық.
 - B) Ауызекі сөйлеу.
 - C) Көркем әдебиет.
 - D) Ғылыми.
 - E) Ресми іс қағаздар.
19. Жасалу жолына қарай: *Кедей-кетптік*
- A) Жақ-жітік
 - B) Жетер-жетпес
 - C) Азды-көпті
 - D) Кәрі-құртаң
 - E) Барлы-жоқты
20. Төл сөзді сөйлемдердің тыныс белгілері
- A) нүктелі үтір, сызықша, нүкте
 - B) қос нүкте, үтір, сызықша
 - C) сызықша, көп нүкте, нүктелі үтір
 - D) нүктелі үтір, үтір, көп нүкте
 - E) қос нүкте, сызықша, нүктелі үтір